

Сырайлова Р.Т. – аға оқытушы

Куленова И.М. – филос.ғ.к.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент

ЖАС ҰРПАҚҚА ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР АРҚЫЛЫ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Қазақтың ән өнері - сонау көне заманнан бері қалыптасқан халқымыздың асыл қазынасы, фольклордың музыкалық саласының бір тармағын құрайды. Фольклор деген сөз ағылшын тілінен алынған. Ол «халық даналығы, халық білімі, халықтың ауызша шығарған туындылары» деген мағынаны білдіреді. Фольклор шығармалары халықтың әр дәуірдегі тұрмыс - салтымен, наным - сенімімен, күнделікті тіршілігімен тығыз байланыста туады. Оларда өмірде болып өткеннің ғана емес, халықтың «осылай болса екен» деген арман, үміттері де бейнеленіп, табиғат, өмір құбылыстарына баға беріледі.

Ән - халықтың сүйіп айтатын, тыңдайтын, сан ғасырлық тарихы бар халық музыкасының ең бір бай арнасы болып табылды. Көне заманнан келе жатқан ән - күй туралы халықтың аузында қалыптасқан көптеген мақал - мәтелдер, аңыздар, жырлар осының айғағы. Халықтың: «Сөз күміс - ән алтын», «Ел көркі - қыз, той көркі - ән», немесе «Ән өмір ұзартады» деген асыл сөздері осы өнерге арналған. Қазақтың ұлы ақыны Абай да ән мен күйдің құдіретін жырлап: Құлақтан кіріп, бойды алар Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар Әнді сүйсең, менше сүй - деген. Ән мен күй шыққан күн, туған айдай дала жұртының тал бесіктен жер бесікке түскенге дейінгі жан серігі болды. Ауылдан ауылға ән айтып, күй тартып жүрген диуаналар, бақсылар, жыршылар, сал - серілер өз өнерін көрсетіп, халықтың көңілін көтерді, айт пен той - томалақ, түрлі ойын - сауық, отырыстардың көркі болды. Ақын - әншілердің өнері халық арасында өте жоғары бағаланып, ақынның келген ауылы оған зор сый - құрмет

көрсеткен. Олардың аты аңыз - әңгімеге айналып, ауыздан - ауызға, ұрпақтан - ұрпаққа жетті. Өз мазмұны бойынша, тұрмыстағы орнына сай қазақтың халық әндері бірнеше түрге бөлінеді:

1. Халықтың ескілікті наным - сенімінен туған әндер.
2. Еңбек пен шаруашылық кәсібіне байланысты туған әндер.
3. Тұрмыс - салт әндері.
4. Эпикалық жырлар.
5. Тарихи әндер.
6. Лирикалық әндер.
7. Айтыс.

Халықтың ескілікті наным - сенімінен туған әндер Жаратылыс дүниесінің толып жатқан құпия сырларына табыну, табиғат құбылыстарының дүлей күшінен қорқып, соған еріксіз сыйынып, жалбарынудан туған әндер тобына Бақсылар сарыны, Бәдік, Арбау әндері жатады. Адам баласы табиғаттың қорқыныш тудыратын үрейлі құбылыстарының бәрін тәңірге санап, күнге, бұлтқа, желге табынып келген. Ескілікті наным - сенімнен туған әндердің бір алуаны - бақсылар сарыны. Бақсылар сарынының негізгі мақсаты - түрлі ауруларды емдеу. Бақсы жын, пері, албасты басты делінетін ауруларды қобыз арқылы сарнап, көшіреді. Қазақтың емшілік кәсібінен туған бәдік әндерінің өз заманы үшін өмірлік мәні болған. Өйткені, ол адам баласына қас күштер мен әртүрлі ауру, індет «иелерін» әсерлі, сырлы сазбен көшіріп, көндіруге болады деген сенімнен шыққан еді. Сондықтан бәдік тек мал ауырып, адам сырқаттанған кезде ғана айтылған. Еңбек және шаруашылық әндері. Халықтың ән шығармаларының ең көне жанрының бірі - еңбек жырлары - ел тұрмысының шындық суреттемесін, қарапайым шаруалардың күнделікті өмірін бейнелейді. Еңбек және шаруашылыққа байланысты туған өлең - жырларға төрт түлік туралы, аңшылық және наурыз әндері жатады. Еңбек және шаруашылық өлең - жырларының ішіндегі ең көп тарағаны - төрт түлік мал туралысы. Қазақ халқының негізгі тіршілік күн көрісі мал

шаруашылығы болды. Төрт түлікке жылқы, қой, сиыр және түйе жатады. Шаруаның малды жоғары бағалағаны сонша, тіпті ең асыл, ең қымбатты адамдарын солармен теңейтін. Мысалы, сұлу, келбетті, үлкен көзді қызды «Ботагөз», мықты, сымбатты жігітті, «Жігіттің нары» деп атады. Анасы баланы еркелетіп «қозым», «ботам», «құлыным» дейді. Кездескен кісілердің «Мал-жан аман ба?» деп сұрауы дамалдың ел тұрмысында келелі орын алатындығының белгісі. Сондықтан да мал жайында көптеген мақал – мәтелдердің қалуы да тегін емес.

Еңбек, шаруашылық жайындағы әндердің таза күйінде сақталмағанына қарамастан, еңбек әуенінің тақырыбы қазақ әндерінің көбіде кездеседі десек артық болмас. Соған айқын мысал ретінде халық ақыны әрі әнші Кенен Әзірбаевтың «Бозторғай» әнін келтіруге болады. Еңбек және шаруашылық кәсібіне байланысты туған әндер тобының ішіндегі көне түрі - наурыз әндері. Жаңа жылға арналған осы наурыз әндері қазақ даласына кең таралған, халықтың күнделікті күнкөріс кәсібінен, өмір тіршілігінен туған ауызекі шығармаларының бірі.

Ертеден - ақ қыс кетіп, жаздың шығуын мерекелеу қазақ баласы үшін үлкен оқиға болатын. «Қыстың зәрінің сынуы құт айынан басталады. Қазақ бұл айды «Түске шейін мүйіз, түстен кейін киіз», «Жақсы болса- құт, жаман болса - жұт» деп атайды. Кейбір жылдар болмаса, жаздың жылылығының басталуы қамал (наурыз)айының бір жаңасынан басталады. Қыстай боранмен, суықпен алысып, көкке көз тігіп, қалт - құлт етіп отырған елге күн шырай беріп, бір күнде қардың тас - талқан боп еруі қандай қуаныш екендігі айтпаса да мәлім. Сүйтіп, наурыз күн - қазақ елінің үлкен айты саналуы кездейсоқ нәрсе емес, халықтың шаруашылық тілегімен нық байланысты туған». «Наурыз» сөзі парсытілінде жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Ежелден қазақ халқы жаңа жыл күнін Ұлыс деп атаған. Ұлыстың ұлы күнінде халық өзара құшақтасып, бірін - бірі құттықтап, мал - жанның амандығын сұрап, бата - тілек айтып, көрісетін болған: Ұлыс күні қазан толса, Ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата

алсаң, Сонда олжалы жол болар... Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда барсаң, жол болсын! Ұлыс бақытты болсын,

Төрт түлік ақты болсын. Ұлыс береке берсін, Пәле, жәле жерге енсін! Қазақ даласында ислам діні орнағаннан кейін, Наурызды исламның «рамазан» мейрамымен бірге өткізетін болған. Жастар сол мейрам күндері әр үйді аралап, жарапазан айтып, отау иелерін мадақтаған. Оларға молшылық, тоқшылық тілеген. Сол мадақтағаны үшін жарапазаншыларға не түрлі сыйлықтар беретін. Осындай жарапазан үлгісі ретінде «Айтамын жарпазан» әнін келтіреміз: Айтамын жарапазан еліңізге, Байлаңдар бір орамал белімізге. Байласаң бір орамал белімізге. Барамыз мақтап, мақтап еліңізге. Қайырмасы: Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан, Әсіре мазан, сайра мазан, Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан.

Тұрмыс - салт әндері. Бұл түрдің әндері халық өмірінің айнымас серіктері болып келеді. Олар адам өмірінде кездесетін әртүрлі салт, әдет - ғұрыптармен байланысты. Мысалға, үйлену тойында айтылатын әндер немесе нәрестенің шілдеханасында орындалатын әндер. Сондай - ақ адамды ақырғы жолға аттандыратын жоқтау әндері.

Үйлену тойының әндері. Үйлену той әдетте бірнеше күнге созылып, оған барлық ауыл мен көршілес жұрттың адамдары шақырылатын.

Той - думан аяқталғанға дейін ауылды ән мен күй кернейтін. Тойға атақты әншілер мен күйшілер арнайы шақырылатын. Ән тойда жай ғана айтылып қоймай, оған салтанаттың ең бір маңызды жерлерінен орын берілетін. Мысалы, салтанатты жиын «Той бастар» әнімен ашылады. Бұл әнде қалыңдықтың әдемілігі мен сұлулығы, жігіттің байлығы, жігіт пен қыздың туыстарын мақтау, қыз бен жігітке болашақтағы өмірлерінде бақытты өмір сүрулеріне бата беріледі: Той дегенде біз келдік, Ат мініп, тон кигелі. Қайырлы сапар, қарағым, Жатырмысың жүргелі. Тойыңды бастап тон алсақ, Іс болмай маүлгілі. Әкем - ай деп жылама, Әке орнына қайын атаң Онда болар, қарындас, Суықты өмір, сәнді өмір Жыр болғандай кейінгіге, қарындас, Айдай тастап бір кетші, айдай, үлгіні - ай.

Үйлену тойының ең бір қызықты кезеңі - жар - жар айту. Бұл әндер кейбір өзіндік ерекшелігімен айтысқа жақын келеді. Жар - жар жігіттер мен қыздар арасында сайыс ретінде орындалатын. Бұрынғы заманда қыздар өз еркімен сүйген жарына қосыла алмай, әке - шешесінің ұйғаруымен тұрмысқа шыққан кезде, жар - жар қыздың қайғы, шер, мұңын белгілеген.

Беташар мазмұны бойынша жаңа түскен келінге бұрынның қалыптасқан әдет - ғұрыпқа бай өз заманына лайықты, жаңа өмірге аяқ басып отырған жас әйелге тәлім - тәрбие беру тілегімен байланысты. Жырда ата - енесі, қайындарымен қарым - қатынастарын, жас келіннің міндеттерін айтып, әзіл кеңестер беріледі: Айт келін, ай келін! Өзің жатып, байыңа Тұр - тұрлама, келіншек, Қаптың ауызы бос тұр деп, Ой, айт келін! Құрт ұрлама, келіншек. Жұрт алдында сымпыңдап, Қақандама, келіншек, Үйге түскен түйені Бақандама, келіншек Аузы - басың сүйрендеп, Өсек айтпа, келіншек, Үлкендердің алдынан Аттап өтпе келіншек.

Лирикалық әндер басқа халық әндерінің түрлерімен салыстырғанда, кейінірек шыққан туындыларға жатады. Олар мазмұны жағынан өте бай және халықтың ең сүйікті ән түрлерінің бірі. Лирикалық жанр адамның ой-сезімі мен толғаныс, көңіл-күйінің түрлі қырларын суреттейді. Шығармадағы жеке адамға тән мінез бен сезім көпшіліктің көңілінен шығып, ол ән халықтың рухани мәдениетіне еркін енеді. Бұлар махаббат сезімін, сүйікті адамның асыл қасиеттері мен ажарлы көркін «Назқоңыр», Абайдың «Айттым сәлем, қалам қасы», Мәдидің «Үш тоты құсы», Біржанның «Ақ тентегі»; сүйгеніне қосыла алмаған жастардың қайғы-зарын «Ақбөпе», Ақанның «Сырымбеті», Абайдың «Татьянаның сөзі», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып» әндері, Естайдың «Дүние-айы», Ақан Серінің «Құлагері», «Қараторғайы».

Табиғат лирикасы Қазақтың бай табиғаты халық ақындары мен композиторларын әдеби-музыкалық суреттерді шырқауға шабыттандырды. Табиғат суреттері адамның шындық өмірімен оның ой-толғауларына, шаттығымен күйінішіне тығыз байланыста туды. Мысалы, халық әні

«Айкөке» адамның жер анаға деген махаббаты мен қуанышын анық сездіреді: Сырымбет биік асыр қатар кезең, Жарасып таудан құлай аққан өзен. Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны, Көк орай қайың мен тал - бәрі де әсем. Табиғат лирикасының тағы бір әдемі үлгісі - «Япырай» әні.

Жас ұрпаққа ұлттық дәстүрлер арқылы музыкалық тәрбие беру – ол осы заманның талабы, әр баланың бойына дәстүрлі үлгісінде жазылған шығармаларды орындауға, тыңдауға және нақышына зейінін қоя білуіне назар аудару. Үйрету барысында әннің шығу тарихын, мазмұнын және сол дәуірдің өмір сүру дәстүрінен мысал ретінде бейне материалдар көрсету арқылы іс-жүзіне жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ фольклорінің тарихы. - Алматы, 1991.
2. З.Қоспақов. Қазақтың әншілік дәстүрі - Алматы, 1999.
3. М.Рустемов. Таңдамалы өсиет термелер. - Шымкент, 1995.
4. Қ.Сәрсенбай. Өнер-Өмір, Әр жылдардағы жазбалар. Алматы: Қазығұрт, 2004.
5. Ә.Оспанұлы. Қаратау шайырлары. - Алматы, 1991.
6. Ә.Нұғманова. Қазақтың әншілік дәстүрі. Алматы, «Қазақстан», 1975.